

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ АБАЙДЫҢ «БЕС АСЫЛ ІС» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Абай – адамзат баласының ақыл-ойының, поэзиясының ұлы тұлғасы. Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама, қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен дана. Тіл өнерінде сөз кестесі арқылы ой өрнегін салған Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдар қатарындағы ғажайып тұлға. Абай – ХІХ ғасырдағы әлемдік өркениет пен мәдениеттің, гуманизмнің ірі құбылысы, туған халқының рухани дүниесін көркем сипатта жеткізуші, қазақ сөз өнеріне ренессанстық дәуір сыйлаушы. Қазақ даласындағы бостандық, демократия, ағартушылық, өркениет, барша адамзатты толық адам болуға шақырған моралист, эстет. Бүкіл адамзат баласын «бауырым» деп сүюдің, толық адам болудың жолын ұсынатын, адам баласын тәрбиелеу, оқыту, өнерге, білімге жетелеудің жаңа үлгісін, сара жолын сызып көрсеткен Адамзаттың ұстазы.

Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Ж. Дәдебаев: «Абай ілімін білу, түсіну және қолдану оның шығармаларының өзегіндегі құндылықтар арқылы анықталады. Ол құндылықтардың мағынасы тірек сөздер арқылы ашылады. Солардың қатарынан білім және сенім концептілерін беретін концептуалды мағыналар жүйесінің маңызы зор», - деп атап көрсетеді. Сонымен қатар қазақ тілі сабағында ақын шығармаларының тілдік ерекшеліктеріне назар аударта оқыту арқылы оқушының тілдік білімін жетілдіруге, оның рухани-адамгершілік дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етуге болады. Оқушылардың назарын сөз зергерлерінің жалпыхалықтық тілді творчестволықпен пайдаланатынына, туған тілге ерекше нәзік бір қамқорлықпен, асқан жауапкершілікпен қарайтынына аудару олардың ана тілімізге деген сүйіспеншілігін арттырады, ана тілге қамқорлық сезімін тәрбиелейді. Академик Р.Сыздықова: «Абайдың әрбір қолданысын, сөзін, сөз тіркесін, сөйлемін, өлең құрылымын, ұйқасын, ырғағын т.т. жеке-жеке талдасақ, көп нәрсені көрер едік, поэтикалық тілге қатысты бірқатар теориялық мәселелерге барар едік. Әрине, бұл бірер зерттеудің, бірер зерттеушінің жүгі емес. Және мұндай талдаулардың қыры да (ғылыми аспектісі) әр алуан болмаққа керек. Сондықтан ұлы Абай қалдырған тіл жұмсау, тіл өрнегін салу үлгісін (тәжірибесін) талдап-таныту – әрі қарай жүргізіле беретін, ғылымның арнайы бір тармағына айналатын жұмыс деп ойлаймыз», – деп атап көрсетеді. Ақынның сөз саптау мәдениеті, ой тереңдігі мен көркем тіл өрнегі білім алушының тілдік тұлғасын дамытудың үздік үлгісі ретінде қарастырылады. Абай шығармалары оқушыға ұлттық тілдің бай мүмкіндігін танытып, оны ізгілікке, парасаттылыққа, терең ойға тәрбиелейтін, оқушының сөйлеу мәдениетін жаңа сапаға көтеруге ықпал

ететін рухани әрі лингводидактикалық ресурс ретінде қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді.

Ұлы Абай шығармашылығының негізгі өзегі – адам, оның адамгершілік келбеті, ар-намысы, ақыл-парасаты, сыртқы бейнесі, ішкі жан дүниесі мен іс-әрекеті. «Адам бол», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Өзіңдегі адамгершілікті сақта» деген өсиеттері осыны айғақтайды. Адамгершілік адамның жеке тұлғалық қасиеті ретінде мейірімділік, парасаттылық, адалдық, әділдік, еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, ұжымшылдық қасиеттерін біріктіреді десек, Абай шығармашылығында осы мәселелердің барлығы сыни тұрғыдан сөз болады. Ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздері – қазақ ұлттық педагогикасына әдістемелік нұсқау ретінде енгізіліп келе жатқан педагогикалық, тәрбиелік, ағартушылық тұжырымдар. Абай шығармалары адамды еңбекке, ғылымды, өнерді сүйуге, адамгершілікке баулиды. Абай тұлғасы әлемдік мәдениет пен өркениетте елеулі орын алады.

Абай қазақ тілінің сөздік қорын толықтырды. Ол поэзия тіліне жаңа сөздер мен ұғымдарды, терминдік мағынасы бар ескі-жаңа атауларды қосып, поэзия тілінің көркемдегіш құралына айналдырды. Абай қалдырған мол мұрадан оқушының тілін дамытуда, құндылық бағдарын қалыптастыруда тірек идея етіп алуға болатын көптеген дидактикалық тұжырымдарды таба аламыз. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесіне А. Құнанбайұлының «толық адам», «асыл сөз», «бес асыл іс» жайлы дидактикалық идеялары теориялық негіз болады.

Ақын сөз өнеріне «қиыннан қиыстырып, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келу», «бөтен сөзбен былғанбау» талаптарын қойды. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп, тыңдаушыны да сөз өнерінің құдіретін тануға шақырды. Абай өз шығармаларында қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда сөйлеуші және тыңдаушы оқушыға қойылатын дидактикалық талаптарды анықтап көрсетіп берді. «Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп» тұратын «бірі жамау, бірі құрау» сөздерден аулақ болып, әркімнің өлең сөзге құмартып, тіл ұстартуға тырысуы қажеттігін атап көрсетті. Өнер атаулының алды, шырқау биік шыңы – қызыл тілмен өрнек салып, сөз өнерінің тың үлгілерін ұсынды. Қазақтың әр баласы «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» таңдап, талғап сөйлеуді үйренсе, сөз өнерін меңгерсе деп армандады.

Абай шығармаларында көтерілетін ойдың алтын өзегі – Адам және оның саналы, сапалы өмірі. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боларсың елден бөлек», - деп, «толық адам» болудың шарттарын айтқан ақын: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», - деп, толық адамның басты үш қасиетін атап көрсетті. «Толық адам» ұғымының мәні оның үш түрлі сипатынан (ғылым, рақым, әділет) танылатынын, толық адам болуға ұмтылу ғылым-білімді игеріп, рақымды, әділетті болумен сипатталатынын атап көрсетті. Ұлы гуманист

адамды сүю туралы айта отырып, «барлық адамзатты сүюге» шақырып, «адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы» екендігін жырлады. Ақын «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деп, атаның емес, адамның баласы болуға шақырды. Абай адамдықтың басты қасиеті – адамгершілік деп атап көрсетті. Адамшылықтың бастауы «махаббат, ғаділет, сезім» екенін айтты. Адамшылық тәрбие негізінде қалыптасатынын атап көрсетті.

Абай Құнанбайұлы дидактикалық поэзия өкілі ретінде тәлім-тәрбие, үгіт-насихат, өсиет сипатында көптеген шығармалар қалдырды. Тіл ұстарту, өнер шашуды мақсұт еткен ұлы Абай өз шығармаларын қалың елі қазағының көкірегі сезімді, тілі орамды жастарына үлгі бермек үшін жазды.


«Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, қазақ тілі пәнін құндылық бағдарлы оқытуда Абайдың жалын мен оттан жаралған, қуаты күшті нұрлы сөзге толы шығармаларында айтылған дидактикалық идеялары негізге алынуы тиіс. Ұлы Абай шығармаларының негізгі өзегін құрайтын *«Атаның баласы болма, адамның баласы бол»* деген өсиеті қазақ ұлттық педагогикасының тұғырнамасы ретінде алу білім беру жүйесін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негіздеу мақсатына сай келеді.


Абайдың әрбір өлеңі мен қарасөзінде адам және оның сапалы өмірі мәселесі көтеріледі. Ақынның «толық адам» концепциясындағы **«ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ»**, **«НҰРЛЫ АҚЫЛ»**, **«ЖЫЛЫ ЖҮРЕК»** ұғымдары – кез келген іске кірісерде адам бойынан табылуы тиіс қасиеттер. Бұл аталған үш қасиетті білім алып, сөз өнерін меңгеруге ұмтылған оқушының зияткерлік (IQ), эмоционалды (EQ), физикалық (PQ) қабілеттерінің көрсеткіші ретінде тануға болады. Сонымен қатар Абай шығармаларын түсініп оқып, жаттау арқылы оқушы ақын қолданған озық тілдік үлгілерді танып, сөздік қорын дамытып, тіл байлығы арта түседі, **АСЫЛ СӨЗДІ** меңгерудің жауапты да қызықты жолына түсіп, рухани интеллект (SQ) иесі деңгейіне көтеріле бастайды (1-сурет).



1-сурет. Абайдың «толық адам» концепциясының интеллект көрсеткіштерімен байланысы.

Асыл сөз өнерін меңгеру жолына түскен оқушы «білгендердің сөзіне махаббатпен еріп», «осы дүниеден өткен не дүлдүл, не бұлбұл шешен, көсемдердің» «сөзін оқып және ойлап», «сөз мәнісін біліп», қазақ тілінің табиғатын жүрегімен сезініп, «өзі үшін үйреніп», «егер түзу көрінсе, ойлап-ойлап, құлаққа іліп», үйренгенін өмірде қолданып, «харекет қылған» сайын оқушының тілдік санасы да кеңейіп, тіл байлығы арта береді. Атын адам қойған соң, ғылымға көңіл бөліп, бойды жеңіп, ақылға ерген оқушыға Абайдың элитарлық тұлғасы үлгі, өнеге болады. Білімдіден шыққан сөздің сырын, нұрын көруге ұмтылып, түбі терең сөздің артықтығын байқап, әр сөзін бір ойланып, салмақтайтын оқушы талап, еңбек, терең ой иесі болып, қанағат, рақым қасиеттерін дамытса, ойы мен тілі бөлінбес тілдік тұлға ретінде қалыптасу жолына түседі.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі ұлы философ ақын Абай Құнанбайұлының пайдалы білім қорын қамтитын, сөз өнеріне деген махаббат пен сыншылдық қасиет қалыптастыруға ықпал ететін өлеңдері мен қарасөздерін оқу материалы ретінде іріктеп алып, оқушыларды ақынның тіл жұмсау шеберлігімен таныстыруды көздейді. Бұл әдістеме ақынның «**ТАЛАП – ЕҢБЕК – ТЕРЕҢ ОЙ – ҚАНАҒАТ – РАҚЫМ**» бес асыл іс тұжырымдамасын тірек етіп алады. Бес асыл іс бірімен-бірі жалғасып, бірімен-бірі байланысып келіп, қазақ тілін оқу арқылы сөз өнері құндылығын меңгеру кезеңдерін көрсетеді (2-сурет).



2-сурет. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің бес асыл іс кезеңі.

1. **«Талап» кезеңі.** Кез келген істің басында адам оған ден қойып, өзі талап білдірмесе, істің ары қарай нәтижелі жүріп кетуі екіталай. Сондықтан сөз өнерін меңгеру үдерісінің бастапқы кезеңін дұрыс ұйымдастыру өте маңызды. Алғашқыда оқуға қойылатын талаптардың сыртқы – қоғамдық сипаты басым болады. Осы кезеңде мұғалімнің дұрыс құндылық бағдар көрсетуі үлкен рөл атқарады. Сыртқы – қоғамдық талаптардың оқушының өз ішкі – танымдық талаптарына ауысуы қазақ тілі пәнін ең алғашқы сабақтан бастап шын жүректен, мейірім-ықыласпен, оқушыны қызықтыратындай етіп жүргізу арқылы, әрбір оқушының психо-физиологиялық мүмкіндіктерін бақылап, қажетіне қарай құндылық бағдарлы әңгімелер айтып, жеке сұхбаттар жүргізіп отыру арқылы жүзеге асады. Абай бұл жөнінде «білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деген тілек айтып, «бозбалаға керек іс – талаптылық» екенін ескерткен. Ақынның «талап қыл артық білуге» деген тұжырымы дамыта оқыту идеясымен өзектес болып келеді.

2. **«Еңбек» кезеңі.** Еңбек тақырыбы Абай шығармаларында өте жиі көтерілген. «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап», «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген ақын сөздері – адамзаттың ұранына айналған қанатты сөздер. Төртінші қарасөзінде айтылған «...еңбек қылса, қара жер де береді, құр тастамайды», «оныншы қарасөзіндегі «ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды» деген ойларын білім алып, сөз өнерін меңгеру ісімен де байланыстырып айтуға болады, мәні сол қалпында тереңдей түседі. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда сөз өнерін меңгеруге талабы оянған оқушы сол бағытта мұғалімнің құндылық бағдар көрсетуімен ерінбей еңбек ете бастаса, ұзамай жемісін де көреді.

3. **«Терең ой» кезеңі.** Философ ақынның «көңілге түрлі ой түсер, әр тереңге нұсқасаң» деген сөзі білім алу жолында оқушы әр тақырыпты

меңгеріп, білім тұңғиығына бойлаған сайын көкірек сарайы ашылып, санасы кеңейіп, ойы тереңдей беретінін көрсетеді. «Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» деп, сөздің ой тереңдігіне бойлатар қасиетін сипаттайды. Ақынның әркімді өз жүрегінің түбіне терең бойлауға шақыруы білім беру жүйесіндегі сыни ойлау, сын тұрғысынан ойлау идеясымен өзектес болып келеді. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда оқушы талаптанып, еңбекпен алған білімін қорытып, терең ой сүзгісінен өткізіп, бағамдайды, бағалайды, өміріне керекті, қажетті, пайдалы, білімді таңдап, бойына сіңіреді.

4. «Қанағат» кезеңі. Ақынның «жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, сонан алған шын асыл, тастай көрме» деген сөздерінен шынайы құндылықты әр адам өз жүрегінің түбіне сүңгіп, шынайы үнін естіген кезде табатынын көруге болады. Қырық үшінші қарасөзіндегі «іштегі жан қуатымен жиған нәрсенің аты ақыл, ғылым», «пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл» деген тұжырымы білім алып, ақыл жинаудың ішкі жан қуатының орасан қызметі арқылы жүзеге асатын күрделі үдеріс екенін көрсетеді. Бұдан адамның ақыл-білімі толысуымен бірге жан дүниесінде де үлкен рухани даму жүзеге асатынын болжауға болады. Тіліміздегі «қанағат» сөзі алғыс айту, шүкіршілік ету ұғымдарымен мәндес болып келетінін ескерсек, қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда талаппен, еңбекпен алған білімін терең оймен саралаған оқушы сөз өнерін бағалап, тілдік санасы күннен күнге артып жатқаны үшін шынайы алғыс сезімінде болған кезде жүрегі жаңа білімдерге барынша ашыла түседі, өміріне пайда әкелетін шын асылын тауып, жан қуаты оянған, рахат, қанағат сезімдеріне бөленген ақыл иесіне айналады деп тұжырымдауға болады.

5. «Рақым» кезеңі. Абайдың он жетінші қарасөзіндегі «адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деген сөзі қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың соңғы «рақым» кезеңінің мәнін ашып көрсетеді. Себебі бұл кезеңде сөз өнерінің қыр-сырын меңгерген оқушы рақым толы жүрегінен шыққан мейірім-махаббатпен қазақ сөзіне деген құрметі артып, өзі жүрген ортасында білім, білік, дағдысын қолдана бастайды, сол арқылы қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге кішкентай болса да өз үлесін қосатын тілдік тұлғаға айналады. Абайдың он екінші қарасөзіндегі «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!» сөздері осы рақым деңгейіне жеткен оқушы тұлғасының қасиеттерін көрсетеді.

Жоғарыда Абай айтқан бес асыл істі қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту үдерісінде сөз өнері құндылығын меңгеру кезеңдері ретінде қарастырдық. Сонымен қатар осы бес асыл істі қазақ тілі пәнінің әр сабағының құрылымдық кезеңдері ретінде де қарастыруға болады. Ол жерде «талап» – ұйымдастыру кезеңі, «еңбек» – жаңа білімді меңгерту кезеңі, «терең ой» – ой қорыту кезеңі, «қанағат» – рефлексия кезеңі және «рақым» – шығармашылықпен қолдану кезеңі болады.

Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі ұлы Абайдың дидактикалық тұжырымдары негізінде жүргізілген кезде оқушы ақынның сөз саптау үлгісін көріп, “ондай болмақ қайда” демей, үйренуге ұмтылып, алдына тіл байлығын дамытып, сөз өнерін меңгеру деген айқын мақсат қойып, тілдік тұлға ретінде қалыптасу жолына түседі.